

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**

**«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» БАҒЫТЫ БОЙЫНША АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ
№5 МӘЖІЛСІНІҢ ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

23.02.2024 ж.

Академиялық комитет мәжілісіне қатысқандар:**АК төрағасы:** PhD Саржанов Ф.Н.

АК мүшесі, Академиялық персоналдар: м.ғ.к., Алимбекова Л.Т., м.ғ.к., доцент Нускабаева Г.О., PhD Жунисова М.Б., м.ғ.к., Татыкаева У.Б., м.ғ.к., доцент Нурхасимова Р.Г., м.ғ.к., доцент Жунусов М.С., м.ғ.к., Асилбекова Г.Т., м.ғ.д., Куандыкова А.К., м.ғ.к., Тулежанов Н.К., Назарова Л.К., Джаякбаев Д.С., Кожамбекова Э.А., техн.ғ.к., Айболова Г.К.

АК мүшесі, жұмыс беруші өкілдері: КДО бас дәрігері Генчер З.М., «Ырыс Дент» клиникасының директоры Шотаев С.Ы.;

АК мүшелері, білімгерлер өкілдері: 8D10111 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» БББ докторанты Шайхаттарова У., 7M10131 - «Медицина» БББ магистранты Султанбаева Ю., 6B10156 – «Стоматология» БББ студенті Жебел А., 6B10176 – «Медицина» Жалпы медицина БББ студенті Исаева Д.

Қатыспағандар: жоқ.

Күн тәртібі:

1. Аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру.
2. ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету.
3. Жаңартылған, жаңа әзірленген Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ паспортын ББ тізілімдемесіне ұсыну.

1. Аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру

Жауаптылар: АК төрағасы Саржанов Ф.Н., АК мүшелері.

АК төрағасы Саржанов Ф.Н. аккредиттеудің сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру қажеттілігін айтып өтті. Бұл визит білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау және растау мақсатында ұйымдастырылады.

Комитет мүшелерінің пікірі мен ұсыныстары:

м.ғ.к., Алимбекова Л.Т.: Визитті сәтті өткізу үшін алдын ала дайындық жұмыстарын күшейтуді ұсынамын.

м.ғ.д., Куандыкова А.К.: Сыртқы эксперттермен коммуникация және визит барысында қажетті құжаттарды дайындау бойынша жоспар құру қажет.

м.ғ.к., доцент Нурхасимова Р.Г.: Студенттер мен оқытушыларды аккредиттеудің маңыздылығы және олардың қатысуы туралы ақпараттандыру маңызды.

Шешім: Сыртқы эксперттер тобының визитін ұйымдастыру бойынша дайындық жұмыстары бекітілсін.

2. ББ тізілімдемесінде тіркелген ББ ішкі нормативтік талапқа сай рәсімделіп, қолданысқа ендірілуін қамтамасыз ету

Жауаптылар: АК төрағасы Саржанов Ф.Н., АК мүшелері.

АК төрағасы тіркелген білім беру бағдарламаларын ішкі нормативтік талаптарға сай рәсімдеудің маңыздылығын атап өтті.

Комитет мүшелерінің пікірі мен ұсыныстары:

м.ғ.к., доцент Нускабаева Г.О.: Ішкі талаптарға сай рәсімдеу барысында сапа стандарттарын қатаң сақтау керек.

PhD Жунисова М.Б.: Бағдарламаның мазмұны мен құжаттарының ішкі талаптарға сәйкестігін тексеру үшін жұмыс тобы құруды ұсынамын.

м.ғ.к., Тулежанов Н.К.: Бағдарламаның қолданысқа енгізілуін тиімді бақылау жүйесін құру қажет.

Шешім: ББ ішкі нормативтік талаптарға сай рәсімделіп, қолданысқа енгізу шаралары бекітілсін.

3. Жаңартылған, жаңа әзірленген Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ паспортын ББ тізілімдемесіне ұсыну

Жауаптылар: АК төрағасы Саржанов Ф.Н., АК мүшелері.

АК төрағасы жаңартылған және жаңа әзірленген білім беру бағдарламаларының паспорттарын ББ тізілімдемесіне ұсынудың маңызды екенін айтты.

Комитет мүшелерінің пікірі мен ұсыныстары:

м.ғ.к., доцент Жунусов М.С.: Жаңартылған бағдарламаларды дайындау барысында халықаралық тәжірибелерді ескеру керек.


м.ғ.к., Татыкаева У.Б.: Бағдарламаның ғылыми-зерттеу компонентін күшейту қажет.

м.ғ.к., Алимбекова Л.Т.: Бағдарламаны студенттер мен оқытушыларға түсіндіру бойынша ақпараттық сессияларды өткізу ұсынылады.

Шешім: Жоғары оқу орнынан кейінгі ББ паспорттары тізілімдемеге ұсынылсын.

Мәжіліс төрағасы:

Хатшы



Ф.Н. Саржанов

Д.С. Джаякбаева